







СОДЕРЖАНИЕ	
Секция - Экономика, менеджмент и маркетинг	
1	Duysemaliyeva M.U. NEW DIRECTIONS OF THE INDUSTRY: PRIORITIES OF ECONOMIC DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN 14
2	Mukhambetov D., Urasayev E., Osan K., Satumbay-S., Tasbulatova S. ECONOMIC ASPECTS OF RECYCLING OF THE METALLURGICAL INDUSTRY BY-PRODUCTS..... 17
3	Shiganbayeva N.B., Mustayev D.A. UNEMPLOYMENT AMONG YOUTH IN THE COUNTRY 21
4	Абилкасова Б.Н., Жумакасанова К.М. ПОКАЗАТЕЛИ И УГРОЗЫ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ БЕЗОПАСНОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ..... 24
5	Айдарханова Н.Е. ИНВЕСТИЦИЙЛЫҚ САЯСАТ ЖӘНЕ ИНВЕСТИЦИЙЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ ӘДІСТЕРІ..... 29
6	Акимхан М., Шиганбаева Н.Б. КАЗАҚСТАНДАҒЫ ШЕТЕЛ ИНВЕСТИЦИЯЛАРЫНЫҢ РӨЛІ..... 33
7	Акимханов М., Сатбекова А.Б. КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ..... 35
8	Аубакирова Д.Е. КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭКОНОМИКАСЫНДА ИНВЕСТИЦИЯНЫҢ РӨЛІ..... 39
9	Ахмедчиева Л.Ж., Омарова С.К. КӘСПІОРЫН ӨНІМІНІҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІНІҢ МӨНІ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІГІ..... 44
10	Алихмет У.Г., Шиганбаева Н.Б. КР ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ..... 46
11	Әзімханова А.С. КӘСПІОРЫНДА ӨТКІЗУ САЯСАТЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН БАСҚАРУ..... 50
12	Бисенбина А.Ә., Шиганбаева Н.Б. КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ИНВЕСТИЦИЙЛЫҚ САЯСАТЫ... 53
13	Биболова А., Шиганбаева Н.Б. КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ИНФЛЯЦИЯ..... 57
14	Белеков А.Т., Павлова М.А. ЭКОНОМИЧЕСКАЯ РОЛЬ ГОСУДАРСТВА..... 60
15	Джаркынбаев Ж.А. СБЕРЕЖЕНИЯ, ИНВЕСТИЦИИ И ЭКОНОМИЧЕСКИЙ РОСТ..... 63
16	Джумашева С.М. О ТЕКУЩЕМ СОСТОЯНИИ И МЕРАХ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ..... 68
17	Дун Вэньлун РОЛЬ МАРКЕТИНГОВЫХ СТРАТЕГИИ В ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПРЕДПРИЯТИЙ..... 72
3	
Материалы доступны по ссылке: http://www.aesa.kz/nauka/sborniki-konferentsiy/	

148	Саясатова Ж.Т. ЛИЗИНГТІК ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ БАСҚАРУШЫЛЫҚ ТАЛДАУДЫҢ ӨДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІН ЖЕТІЛДІРУ.....	609
149	Сейдахметова Б.У. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСІПТІ ДАМУДЫҢ НЕГІЗГІ ЖОЛДАРЫ.....	612
150	Сейдахметова Ф.С., Чынгемпирова А.А. МЕЖГОСУДАРСТВЕННЫЕ АСПЕКТЫ РАЗВИТИЯ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО ТУРИЗМА	615
151	Сейдахметова Ф.С., Елеусизов А., Асылбаев Е.А. ОСОБЕННОСТИ СТРАТЕГИЧЕСКОГО ПЛАНИРОВАНИЯ В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ	620
152	Сейілібек Ә.Г. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК НЕГІЗІНДЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ ТАЛДАУДЫҢ ҚАРАМА-ҚАЙШЫЛЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ОНЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ.....	624
153	Серғалиева Ә. А., Асылбаев Е. А. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК СТАНДАРТТАРЫНЫҢ МӘНІ МЕН МАҢЫЗЫ.....	628
154	Сисина Н.Н., Айгирина С.А. СТРАТЕГИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ И ОЦЕНКА ЭФФЕКТИВНОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ПРИВЛЕЧЕННЫХ ИСТОЧНИКОВ ФОРМИРОВАНИЯ АКТИВОВ.....	631
155	Тайғашнинова К.Т., Назарова В.Т., Даузова А.М. РАЗВИТИЕ ТРАНСПОРТНОЙ ЛОГИСТИКИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН.....	635
156	Утебаалиева Д., Булашова А.А. АГРАРЛЫҚ СЕКТОР КӘСІПОРЫНДАРЫНДА АҒЫМДЫҚ АКТИВТЕРДІ БАСҚАРУДЫҢ ЕСЕПТІК-БАСҚАРУШЫЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ.....	640
157	Шпиллер М.В. ТЕХНОЛОГИИ УЧЕТА СОБСТВЕННОГО КАПИТАЛА В СООТВЕТСТВИИ С МСФО.....	643
Секция - Информационные технологии		
158	Алшымбаева Е. ПРЕОБРАЗОВАНИЯ КОЭФФИЦИЕНТОВ РЯДОВ ФУРЬЕ.....	648
159	Байсалбаева К.Н. ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚҰЖАТТАР АЙНАЛЫМЫН БАСҚАРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	651
160	Бөрібаев Б., Зұлмыхаров Н. Т. СІ ПРОГРАММАЛАУ ТІЛІН ҮЙРЕНУГЕ АРНАЛҒАН АШЫҚ ОНЛАЙН КУРСЫН ДАЙЫНДАУ ЖОЛДАРЫ	655
161	Босылбеков Т. П. ИННОВАЦИОННОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ ПРОЦЕССОВ СО СЛУЧАЙНЫМИ ПАРАМЕТРАМИ	658

С# ПРОГРАММАЛАУ ТЫПН ҮЙРЕНУГЕ АРНАЛҒАН АШЫҚ ОНЛАЙН КУРСЫН ДАЙЫНДАУ ЖОЛДАРЫ

Бөрібаев Б., т. г. к. , профессор
Алматы экономика және статистика академиясы, Алматы қ.
e-mail: b.buribaev@gmail.com.
Зұлыхаров Н. Т. – студент,
Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қ.
e-mail: nurken_z@mail.ru

Ақпараттық қоғамның ерекшеліктерімен сипатталатын, білім беру жүйесінде пайда болған саналы құбылыстың бірі, қашықтан оқытудың жаңа түрі – жалпы ашық онлайн курстары (ЖАОК) болып табылады. ЖАОК дегеніміз – бұл ғаламтор арқылы ашық таратылатын, барлық қатысушыларға арналған онлайн курс. Ол кез келген пәнді тегін түрде, өзіңізге ыңғайлы уақытта және сіз үшін қолайлы қарқында оқып үйренуіңізге мүмкіндік береді.

Қашықтан оқыту жүйесіне деген сұраныс өткен ғасырдың 80 жылдары Интернет желісінің пайда болуынан бастап арта түсті [1]. Ал оның ішіндегі жалпы ашық онлайн курстары 2008-2010 жылдары пайда болды да, олар оқытудың ең танымал түріне айналды, оны АҚШ-тың “The New York Times” газетінің 2012 жылды *ЖАОК жылы* деп атап көрсеткенінен білуге болады [2].

«Жалпы Ашық Онлайн Курс» терминін алғаш рет Дэвид Кормье ұсынған болатын [3]. Мұндай курстар әртүрлі ғылым салаларында: жаратылыстану, гуманитарлық, дини, компьютерлік технологиялар, математикалық, экономикалық және тағы да басқа бағыттарда кеңінен қолданылып келеді. Сонымен, әр адамның әлемдегі алдыңғы қатарлы университеттердің оқытушыларының даярлаған онлайн курстары бойынша тегін білім алуына мүмкіндігі бар.

Ең танымал ЖАОК жасайтын программалық платформалардың бірі Coursera жүйесі, ол әрбір адамға тегін таратылатын онлайн курстар ұсынады. Coursera - Стэнфорд университетінің информатика саласының профессорлары Эндрю Ын және Дафна Кольер негізін салған, жалпы оқыту саласында жасалған ең өзекті жоба [4]. Платформадағы курстарды әлемнің кез келген университеттері мен білім беретін ұйымдар құра алады және оларды әрі қарай дамытады. 2017 жылдың ақпан айындағы ақпарат бойынша, 24 миллион пайдаланушылар мен 2000-нан астам курстар, 149 оқу орындарының 160 мамандықтары бойынша Coursera жүйесіне тіркелген.

Ал, осылардың тағы бірі Udacity – білім беруді демократияландыру мақсатында Себастьян Трин, Дэвид Ставенс және Майкл Сокольский сияқты ғалымдар құрған жеке-меншік оқыту ұйымы. Онда 2012 жылдың өзінде-ақ 14 курс ұсынылып, қатысушылар санын мынанан астам студенттер құраған болатын [4]. Курстар ғаламтор арқылы тегін қол-жетімді және оны кез келген адам тыңдай алады. 2012 жылы Гарвард университеті мен Массачусетс технологиялық институты қашықтан оқытатын edX онлайн-оқыту жобасын іске қосқандығын мәлім етті. 2016 жылы мұнда 10 миллион адам тіркеліп, олар 1270-тен астам курстар бойынша білім ала алатын болды [5]. edX жүйесінің Udacity мен Coursera ортасынан айырмашылығы ол коммерциялық емес ұйым болып құрылды да, Open EDX платформасында жұмыс істеді. Қазақстан университеттері қазіргі ашық онлайн курстарын осы edX жүйесінде жасайтын болып шешілді.

Қазақстанда Әл-Фараби ат. ҚазҰУ тұңғыш рет жалпы ашық онлайн курстарын ұйымдастыруды бастады. Университет OpenEdX ашық платформасында ЖАОК енгізуден Қазақстандағы университеттер ішінен көшбасшы болып тағайындалып, оған 12 жоғары оқу орны қосылды. Қазіргі кезде елімізде <http://open.kaznu.kz> адресі бойынша ЖАОК жүйесі жұмыс істеп тұр [6].

Преподаватель | Сборники конференций | 3de06fe6c40ddccc22635f...

www.aesa.kz/upload/iblock/3de/3de06fe6c40ddccc22635fb7e0f57615.pdf

Осы айтылған Open edx платформасының мүмкіндіктерін пайдалана отырып, біздер C# тілінде программалаудан Camtasia studio бағдарламасының көмегімен жаппай ашық онлайн курсым жасап жатырмыз. Мұнда жоспарланған бірсыпыра іс-әрекеттер орындалды, атап айтқанда, программалау тілінің дәрістер кешені құрастырылды; әдістемелік нұсқаулар жасалды; ЖАОК талаптарына сай курс оқушыларының білімін тексеруге арналған тапсырмалар, тесттер, бақылау және емтихан материалдары енгізілді; кәсіргі кезде курстың бейнематериалдары түсіріліп жатыр. Барлық ақпараттық материалдар жасалып тексеруден өткеннен кейін, ол Қазақ ұлттық университеті серверінде іске қосылды. Бұл курс студенттерге және осы программалау тілін үйренгісі келген кез келген талапкерлерге арналып жазылған онлайн оқыту курсы болып табылады.

C# программалау тілі бойынша онлайн курсым дайындау үш кезеңге бөліңді: дайындық кезеңі, құрастыру кезеңі және платформаға орналастыру кезеңі. Курстың құрамында 14 дәріс, 14 практикалық сабақ, оннан аса өзіндік жұмыстар және үй жұмыстарына арналған есептер бар.

Дайындық кезеңінде негізгі материалдардың құрылымы жасалынып, олар шағын модульдерге бөлінді, курс бойынша бейнедәрістер дайындалу үстінде. Әрбір дәріс оның мазмұнын түсіндіретін 10-15 минуттық бейнекоріністен тұрады. Жоғарыда аталып өткендей, бейнежазбалар Camtasia studio программасында жазылады.



1-сурет. Camtasia программасының басты терезесі

Camtasia studio – экрандағы динамикалық суреттерді әр түрлі форматты бейнефайлдарға жазуға арналған бағдарлама[7]. Бұл программаны біз компьютер экранының және PowerPoint презентациясының суреттерін жасауға, веб-камерадан бейнелерді жазуға, әрбір кадрмен бөлек жұмыс істеуге және соңында бейнені керекті форматта экспорттап, файлга жазу үшін қолданамыз. Экрандағы әрекеттерді бейнефильм түрінде жазу программаның басты терезесінде Record the screen батырмасын басу арқылы жүзеге асады. Жалпы Camtasia Recorder – бейнелер мен дыбыстарды жазуға арналған ең негізгі утилит болып табылады [7]. Мұнда керекті батырмалар мен бағыттауыштарды тандай отырып, керекті максатқа қол жеткізе аламыз.

Жаппай ашық онлайн курстарын жасау кезінде туындайтын негізгі бір проблема – студенттердің жұмыстарын бағалау тәсілі. Ол үшін дәрістен кейін берілетін тапсырмаларды қайта қарап, онлайн курсына бейімдеп енгізу қажет. Жүздеген немесе одан да көп тапсырмаларды қолмен тексеру мүмкін емес, сондықтан Сошгета программасы ұсынған тапсырмаларды тексеретін бағдарламалардың шаблондарын өз қалауымызға сәйкес жетілдіруіміз қажет.

656

www.aesa.kz/nauka/sborniki-konferentsiy/

[Преподаватель |](#)
[Сборники конференций |](#)
[3de06fe6c40ddccc22635fb7e0f57615.pdf](#)

[www.aesa.kz/upload/iblock/3de/3de06fe6c40ddccc22635fb7e0f57615.pdf](#)

Домашняя страница Studio

Курс

Вы посетили образовательную платформу курса?

Создайте курс, добавьте контент, создайте тесты, создайте или администрируйте курс.

Создайте свой первый курс

Вы можете начать прямо сейчас

Создайте свой первый курс

Жаңа курс құру

2-сурет. Edx Studio ортасының басты беті

Edx Studio ортасында жұмыс жасау үшін, өзімізге арналған жеке тіркеу жазбасын құрамыз да, оған логин мен құпия сөзді енгізген соң жұмыс жасауды бастаймыз. Бұл ортаға кіргеннен кейін студияның басты беті ашылады, онда біз жаңа курс құруды бастаймыз және бағдарламаның соңғы жаңалықтары туралы ақпарат ала аламыз (2-сурет).

Жаңа курс құру батырмасын басқан соң, курсты тіркеу үшін келесідей мәліметтерді: курстың атын, оны ұсынған университеттің атын, курстың және курс өтетін семестрдің номерін енгіземіз. Соған соң курста тіркелу уақытын және курстың басталуы мен аяқталу уақытын анықтаймыз. Курсқа қысқаша сипаттама беріп, оның қай тілде (орыс, қазақ, ағылшын) жүргізілетінін де көрсетеміз де, соңында курстың құрылымын анықтаймыз. Курстың негізгі компоненттері: бөлім (раздел – модуль), ішкі бөлім (подраздел) және блок болып табылады. Біздің С# тілінде жасаған пәніміз 5 модульден, ал әр модуль 3 дәрістен, яғни 3 ішкі бөліктен тұрады. Блок негізгі 4 компоненттен тұрады, олар: форумдағы сұрақтарды талқылау, білімді тексеруе арналған тапсырмалар, бейнематериалдар және мәтіндік материалдар. Блоктың атын өзімізге ыңғайлы етіп өзгерте аламыз.

Тапсырмалар компонентінде әр дәрістен кейін тест сұрақтары орналасады. Онда біздер үш жауаптың біреуін таңдайтын тестті пайдаландық. Тесттерді еш қиындықсыз орындауға да болады, студент галамтор ресурстарындағы тесттерге жауап берген кезде, бір айта кететін жайт – тек тестті орындап шығу жалғыз курстың материалдарын мейгерді деген тұжырымға сәйкес келмейді. Оған қоса зертхана жұмыстары мен тапсырмаларды да орындау қажет болады.

Бейнематериалдар компонентінде, оқытушының дәріс оқып отырған бейнесін енгіземіз. Ол үшін ең алдымен түсірілген көріністерді youtube.com сайтына орналастырамыз да, соған соң соған сәйкес сілтеме жасаймыз. Бұл жұмыс аяқталған соң, дәрістің мәтіндік түрін тексеріп, оны жүктеуге болады.

Осындай түрде берілген курсты мейгерген студенттерде әртүрлі деңгейдегі программалар жаңа алатындай мүмкіндік қалыптасады, олардың ішінде объектіге бағытталған программалаудың негізгі түсініктері, технологиясы, құрылымы мен модельдері сияқты тақырыптар бар. Курсты табысты аяқтағандарға сертификат беріледі.

Бұл жасалып жатқан программалаудың анық онлайн курсы енгізілгені барлық оқу орындары үшін қол жетімді болып табылады, ол заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы білім жүйесін жаңа деңгейге көтереді деген ойдамыз.

Қолданылған әдебиеттер

1. Левкин Г., Глухих В., Базилевич С. Организация дистанционного обучения в профессионального переподготовке // Аспекты использования социальных сетей, электронных учебников и учебного сайта в дополнительном образовании. // с. 7-15
2. The New York Times gazeti, The Year of the MOOC музыкасы, Патмано.Л., Қараши, 2, 2012. <http://www.nytimes.com/2012/11/04/education/edlife/massive-open-online-courses-are-multiplying-at-a-rapid-pace.html>
3. The CCK08 MOOC – Connectivism course, 1/4 way: <http://daveconner.com/edblog/2008/10/02/the-cck08-mooc-connectivism-course-14-way>
4. Википедия – еркін энциклопедиялар ортасы: www.wikipedia.org
5. Open EDX платформасы жаппай ашық онлайн курстарын оқу модульдерін

www.aesa.kz/nauka/sborniki-konferentsiy/

657

